



# THE OXUS SOCIETY FOR CENTRAL ASIAN AFFAIRS



## ӨЗГЕРМЕЛІ ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯЛЫҚ АЙМАҚТЫҚ ІС-ҚИМЫЛДАР

*АЙЗАДА НҰРИДДЕНОВА, ЖӘНІБЕК АРЫНОВ*

# ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ӨЗГЕРМЕЛІ ГЕОСАЯСИ КОНТЕКСТІНДЕГІ АЙМАҚТЫҚ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ

Осы есеп Қазақстандағы АҚШ Елшілігінің қаржылық қолдауымен «Kazakhstan Futures» шеңберінде (2023 ж. қаңтар-қыркүйек) жарияланады

## Авторлар:

**Айзада Нұридденова** – Қазақстандағы Сулейман Демирель университетінің Әлеуметтік ғылымдар кафедрасының доценті және қазіргі уақытта Джордж Вашингтон Университетінің Еуропа, Ресей және Евразиялық зерттеулер институтының шақырылған ғылыми қызметкері. Ол халықаралық қатынастар бойынша PhD дәрежесін Қытайдағы Цзилинь университетінің Халықаралық және қоғамдық қатынастар мектебінен алған. Оның ғылыми қызығушылықтары Қытайдың сыртқы саясатына және Орталық Азиядағы аймақтануға бағытталған.

**Жәнібек Арынов** – Жоғары мемлекеттік саясат мектебінің доценті. Ол алғаш рет Мектепке 2019 жылдың шілдесінде постдокторант ретінде қосылды. Доктор Арынов Ұлыбританияның Сент-Эндрюс университетінде халықаралық қатынастар саласындағы философия докторы дәрежесіне ие болды. Оның зерттеу аясы Орталық Азияның геосаясатын, Қазақстанның сыртқы саясатын, ЕО мен Орталық Азияның қарым-қатынасын, сондай-ақ халықаралық бірегейлік, имидж бен қабылдау мәселелерін қамтиды.



**THE OXUS SOCIETY  
FOR CENTRAL ASIAN AFFAIRS**



ӨЗГЕРМЕЛІ ГЕОСАЯСИ ЖАҒДАЙДАҒЫ  
ОРТАЛЫҚ АЗИЯЛЫҚ АЙМАҚТЫҚ  
ІС-ҚИМЫЛДАР



## КІРІСПЕ <sup>1,2</sup>

Қазіргі уақытта Орталық Азияның бес мемлекеті 2022 жылдың ақпанында Ресей Украинаға басып кіргеннен кейін жаңа геосаяси ландшафт аясында әрекет етуде. Көптеген сарапшылар соңғы екі жылда Орталық Азия елдерінің сыртқы державалармен дипломатиялық қарым-қатынастарының айтарлықтай артқанын атап өтуде, олар бұл ілгерілеушілікті соғыс салдарынан аймақтағы Ресей ықпалының мейлінше әлсіреуімен байланыстырды.<sup>3</sup> Атап айтқанда, аймақішілік қатынастарға келетін болсақ, бұл дипломатиялық қызметтің көп бөлігі сауда мен байланыстарға бағытталған, өйткені Америка Құрама Штаттары, Еуропалық Одақ, Қытай және басқа елдер Ресейді айналып өтетін жеткізілімдер тізбегін нығайтуға ұмтылады. Бірақ Ресей Орталық Азия және жалғастыруда: 2022 жылдың ақпанынан бастап Ресей Президенті Владимир Путин аймаққа бірнеше рет сапармен келді.


Сарапшылар Орталық Азияны бұрыннан бері әлемнің «ең аз интеграцияланған» аймақтарының бірі деп атайды.<sup>4</sup> 1990-шы және 2000-шы жылдардың басында аймақтық ынтымақтастыққа тың күш-жігермен кіріскенмен, одан кейінгі онжылдық тоқырауды бастан кешірді. Сыртқы бақылаушылар Орталық Азия елдерінің үкіметтері арасындағы сенім деңгейінің төмен болуын аймақтық ынтымақтастыққа

<sup>1</sup> Мария Блэквуд осы зерттеу жобасын әзірлеуге және осы есептің кіріспе бөлігін дайындауға қатысты. Алайда Оксус қоғамы пікірталастарының немесе жұмысының нәтижелерінен туындаған немесе Оксус қоғамының басылымдарында не жұмыс нәтижелерінде қамтылған тұжырымдар, ұсынымдар не саяси әзірлемелер Мария Блэквудтың немесе Конгрестің Зерттеу қызметінің қатысуынсыз тұжырымдалып, мақұлданды.

<sup>2</sup> Авторлар деректерді жинау және кодтау процесіне көмектескені үшін Темірлан Өмірбеков пен Меруерт Әділғазинаға алғыс білдіреді.

<sup>3</sup> Мысалы, қараңыз: Марк Темницкий, «Запад присматривается к Центральной Азии для более тесных отношений», *Diplomat*, 13 желтоқсан 2023 ж.; Кен Мориясу, «США» имеет прекрасную возможность привлечь внимание тюркских стран Центральной Азии: аналитика *Nikkei Asia*, 31 желтоқсан 2023 ж.

<sup>4</sup> Мысалы, қараңыз: Азия даму банкі, *АДБ-ның Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын қолдауын бағалау*, 2011–2022, мамыр 2023, т. vii, 1; Сванте Э. Корнелл және С. Фредерик Старр, «Твердая рука: стратегия и политика ЕС в отношении Центральной Азии на 2019 год», Орталық Азия және Кавказ институты, 2019, 15, 49-бб.; АҚШ Мемлекеттік департаменті, «2014 жылдан кейінгі жаңа Жібек жолы: сын-қатерлер мен мүмкіндіктер», Ниши Десаи Бисвалдың сөйлеген сөзі, Оңтүстік және Орталық Азия істері бюросы мемлекеттік хатшысының көмекшісі, 22 қаңтар 2015 ж.



кедергі келтіретін маңызды фактор деп атап көрсетеді.<sup>5</sup> Бірақ 2016 жылы Өзбекстан басшылығының ауысуынан кейін аймақтық қатынастар жаңа серпін алды. Билікке келген сәттен бастап Шавкат Мирзиёев Орталық Азияны «Өзбекстанның сыртқы саясатының басты басымдығы» ретінде анықтайтын «тату көршілік» саясатын жариялады.<sup>6</sup>

Өзбекстанның сыртқы саясатындағы бұл өзгеріс аймақтық ынтымақтастықтың жоғары деңгейде қарқын алуына әкелді, ал Орталық Азия елдері кейбір ұлттық шекараларды демаркациялаумен бірге, бұрыннан келе жатқан кей мәселелерді шешуде прогреске қол жеткізді. 2018 жылдың наурыз айында Астанада (Қазақстан) өткен Орталық Азияның төрт мемлекеті басшыларының кездесуі<sup>7</sup> он жылға дерлік уақыт ішіндегі алғашқы кездесу болды және бес рет өткізілген жыл сайынғы консультативтік кездесуге жол салып берді. 2023 жылғы қыркүйекте өткен бесінші консультативтік кездесу Орталық Азия мемлекеттерінің аймақтық диалог пен ынтымақтастықты тереңдетуде белгілі бір елеулі нәтижелерге қол жеткізгенін көрсетті.<sup>8</sup> Covid-19 пандемиясы және соның салдарынан шекаралардың жабылуы аймақтық ықпалдасу үшін қиындықтар тудырғанымен, жоғары деңгейдегі байланыстар жалғасты.

Бұл оқиғалар өңірлік қатынастар өңірлік оқиғалар, сондай-ақ сыртқы геосаяси өзгерістер контекстінде өзгерді ме, жоқ па және қалай өзгерді деген сұрақ туғызады. Біздің жобамыз жоғары деңгейдегі аймақшілік іс-қимылдардың қарқындылығын ерттеуге және оларды сандық негізде бағалауға бағытталған. Соңғы жылдары Орталық Азияда жоғары деңгейдегі аймақшілік ынтымақтастық қалай өзгерді? Бұл – осы жобаның негізін қалайтын басты зерттеу сұрағы.

<sup>5</sup> Еуропа парламенті, «ЕО-Орталық Азия стратегиясын іске асыру және шолу туралы» 2016 жылғы 13 сәуірдегі қарар, А8-0051/2016.

<sup>6</sup> Өзбекстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, «Өзбекстан Республикасының сыртқы саясаты», мына сілтеме бойынша қолжетімді: <https://www.mfa.uz/en/pages/vneshnaya-politika>.


<sup>7</sup> Түркіменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедов алғашқы кездесуге қатысқан жоқ. Оның орнына Түркіменстан атынан Түркіменстан Мәжілісінің төрайымы Ақджа Нұрбердиева қатысты.

<sup>8</sup> Филиппо Коста Буранелли, «Центральноазиатский регионализм после пятой встречи лидеров», Diplomat, 9 қыркүйек 2023 ж.

Осы және осыған байланысты мәселелерді зерттеу үшін біз Орталық Азия елдерінің (а) президенттері (П), (б) премьер-министрлері (ПМ) және (в) сыртқы істер министрлері (СИМ) арасындағы екіжақты және көпжақты аймақшілік оқиғалар туралы деректер жиынтығын құрастырдық. «Оқиғалар» деп біз бес мемлекеттің осы лауазымды тұлғалары арасындағы кез-келген өзара іс-қимылды, соның ішінде сапарлар, кездесулер, телефон қоңырауларын, бейне қоңыраулар мен жеделхаттарды айтамыз. Біздің деректер жиынтығымыз төрт жыл ішіндегі өзара іс-қимылды қамтиды: 2015 жыл – Өзбекстан президенті ауысқанға дейін; 2019 жыл – Өзбекстанда президент ауысқаннан кейін және Covid-19 пандемиясына дейін; 2022 және 2023 жылдар – Covid-19 пандемиясынан және Ресейдің Украинаға басып кіруінен кейін. Деректер жиынтығы жоғары деңгейдегі өзара іс-қимыл санының едәуір артуы және өзара іс-қимылдың неғұрлым мазмұнды түрлеріне көшу аймақтық қатынастар динамикасында айтарлықтай өзгерістің болғанын көрсетеді. Сонымен қатар, тіркелген аймақшілік өзара іс-қимылдардың көпшілігі Орталық Азияның екіден көп мемлекетінің қатысуымен емес, екіжақты негізде жүргізілгендігі анықталды. Біздің тұжырымдарымыз Орталық Азиядағы аймақшілік байланыстарды бұрынғысынша президенттер жүргізетіндігін, әрі Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан аймақ елдері арасындағы жоғары деңгейдегі өзара іс-қимылдың ең белсенді ойыншылары екендігін көрсетеді.

## ӘДІСНАМА

Біз деректер жиынтығымызда мемлекет басшылары, премьер-министрлер және сыртқы істер министрлері деңгейіндегі жоғары деңгейдегі аймақшілік өзара іс-қимылдың әр жылдары: 2015, 2019, 2022 және 2023 жылдары қаншалықты ерекшеленетінін қадағалауды мақсат еттік. Өзара іс-қимыл мысалдарын жинаған кезде біз тек Орталық Азия президенттерінің ([akorda.kz](http://akorda.kz); [president.kg](http://president.kg); [president.tj](http://president.tj); [president.uz](http://president.uz)) және мемлекеттердің



сыртқы істер министрлерінің (gov.kz/mfa; mfa.gov.kg; mfa.tj; mfa.gov.tm; mfa.uz) ресми сайттарында берілген деректерге сүйендік. Түркіменстанға келетін болсақ, біз сондай-ақ «Алтын ғасыр» электронды газетінің ақпараттарын негізге алдық (turkmenistan.gov.tm), өйткені бұл платформа Түркіменстанның жоғары лауазымды тұлғаларының көптеген өзара іс-қимылдары туралы айтылады. Деректер жиынтығы осы сайттарда тиісті лауазымды тұлғалардың қатысуымен жарияланған барлық көпжақты және екі жақты сапарларды, жеке кездесулерді, телефон қоңырауларын, бейне қоңырауларды және жеделхаттарды қамтиды.

Алынған мәліметтер содан кейін бес санат бойынша қолмен кодталды: (1) өзара іс-қимылға қатысатын саяси қайраткерлер (П-П, ПМ-ПМ, СИМ-СИМ және «аралас» (мысалы, П-ПМ), П-СИМ немесе ПМ-СИМ); (2) өзара іс-қимыл құралдары (жеке кездесулер, телефон қоңыраулары, бейнеқоңыраулар және жеделхаттар) (3) өзара іс-қимыл форматы (көпжақты немесе екіжақты); (4) өзара іс-қимылға қатысатын елдер; және соңында (5) өзара іс-қимыл кезінде талқыланған тақырыптар. Соңғы санат кодтау тұрғысынан ең күрделісі болды, өйткені өзара іс-қимыл жағдайларының көпшілігі әртүрлі тақырыптарды қамтыды әрі оларды бір санатқа жатқызу қиынға түсті. Бұған қоса, жоғарыда аталған веб-сайттар мұндай өзара іс-қимылдар туралы есеп бергенде, олар талқыланатын тақырыптар бойынша егжей-тегжейлі ақпарат бермейді, оның орнына жалпы ескертпелерді ғана көрсетеді. Соған қарамастан, біз өзара іс-қимылдарды (а) саяси мәселелерге (тек саяси мәселелер талқыланған жағдайлар, мысалы, қаңтар айындағы Қазақстандағы оқиғаларға немесе Өзбекстандағы Қарақалпақстанның наразылықтарына қатысты; саяси) (б) экономикалық мәселелерге (тек экономикалық мәселелер талқыланған жағдайлар); (с) қауіпсіздік мәселелеріне (тек қауіпсіздік мәселелері талқыланған жағдайлар, соның ішінде шекара және «ауған» мәселелерін қоса алғанда); (г) техникалық өзара іс-қимылға (сыртқы істер министрлері кездескен жағдайлар, әдетте, президенттер кездесер алдында саммиттің сұрақтарының егжей-тегжейін талқылау немесе болашақ кездесулердің күн тәртібін/күнтізбесін белгілеу үшін кездескен жағдайлар); (д) салтанатты қарым-қатынасқа (құттықтаулар мен көңіл айту); және (е) кешенді күн тәртібі бойынша өзара іс-қимылға (екі


немесе одан да көп ортақ мәселелерді талқылау үшін) топтастырып, бөлуге шешім қабылдадық.

Деректер жиынтығында кейбір шектеулер бар. Біріншіден, бұл деректер жиынтығы Орталық Азиядағы аймақтық өзара іс-қимылдың бүкіл ауқымын толық көрсетпейді, өйткені ол аймақтық ынтымақтастық деңгейлерінің бірі ғана саналатын жоғары деңгейдегі ресми іс-шараларға бағытталған. Екіншіден, деректер жиынтығы Орталық Азия елдерінің көпжақты өңірлік институттармен өзара әрекеттесуін қарастырмайды. Деректер жиынтығы тек Орталық Азиялық сипаттағы өзара іс-қимылдарға, яғни Орталық Азия елдері ресми тұлғаларының қандай да бір сыртқы ойыншылардың қатысуынсыз екіжақты және көпжақты негізде өзара іс-қимыл жасауына баса назар аударады. Ең соңында, біз деректерді тек ресми сайттардан жинағандықтан, бұл сайттарда қарастырылып отырған жылдардағы өзара іс-қимылдардың толық тізімі болмауы мүмкін деп ойлаймыз.

## НӘТИЖЕЛЕР

Жалпы, жиналған деректер Орталық Азия елдерінің президенттері (П), премьер-министрлері (ПМ) және сыртқы істер министрлері (СІМ) арасындағы өзара іс-қимылдар саны 2015 жылдан бастап айтарлықтай өскенін көрсетеді. Біздің деректер жиынтығымыз 2015 жылы 60 өзара іс-қимылдың өткенін көрсетеді, 2019 жылы тіркелген өзара іс-қимылдар саны – 87 болса, 2022 жылы олардың саны 147-ге дейін өсті. Біз бұл өсу үрдісінің 2023 жылы да жалғасып, жоғары деңгейдегі ресми тұлғалар арасындағы өзара іс-қимылдың саны 158-ге жеткенін байқаймыз. Осы кезеңде жыл сайынғы өзара іс-қимылдар саны екі еседен артық өсіп қана қоймай, бұл өзара іс-қимылдың мазмұны да айтарлықтай тереңдегенге ұқсайды.


Жоғарыда айтылғандай, біз деректер жиынтығын (1) өзара іс-қимылға ең көп қатысатын саяси қайраткерлер; (2) өзара іс-қимыл құралдары; (3) өзара



іс-қимыл форматы – екі жақты немесе көпжақты; (4) өзара іс-қимылға ең көп қатысатын елдер және (5) ең көп талқыланатын тақырыптар тұрғысынан кодтадық.

### Іс-қимылға қатысқан саяси қайраткерлер

Жиналған деректер жиынтығы Орталық Азиядағы ынтымақтастықты ең алдымен мемлекет басшылары анықтайтынын көрсетеді. Орта есеппен Орталық Азия республикалары арасындағы өзара іс-қимылдың шамамен үштен екісі президенттер деңгейінде өтті. Біз бұл көрсеткіш 2015, 2019, 2022 және 2023 жылдар бойы салыстырмалы түрде тұрақты екендігін көреміз.




Оның үстіне, біз «аралас» санатқа жатқызған өзара іс-қимылдың көптеген мысалдарына<sup>9</sup>, сондай-ақ аймақтағы президенттердің көрші мемлекет-

<sup>9</sup> Біз әртүрлі деңгейдегі лауазымды тұлғалар арасында, яғни президент пен премьер-министр, президент пен сыртқы істер министрі, премьер-министр мен сыртқы істер министрі арасында болған өзара іс-қимылдарды «аралас» санатқа жатқыздық.



тердің төменгі деңгейдегі ресми тұлғалармен өзара іс-қимылы жатады. Соның нәтижесінде президенттердің жалпы қарым-қатынасы артты. Керісінше, Орталық Азия елдерінің премьер-министрлері (ПМ) мен сыртқы істер министрлерінің (СИМ) бір-бірімен өзара іс-қимыл деңгейі президенттердің белсенділік деңгейімен салыстырғанда төмен.

Алайда, біз премьер-министрлердің қатысуымен болған өзара іс-қимыл санының келесі уақыт аралықтарында күрт өскенін байқадық: 2015 жылғы 8 іс-қимылдан 2019 жылы 2-ге, 2022 жылы 24-ке дейін өскенін, ал 2023 жылы 16-ға дейін аздап төмендегенін байқадық. Біз бұл іс-қимылдар санының өсуіне екі фактор себеп болуы мүмкін деп болжаймыз. Бір жағынан, 2022 және 2023 жылдары ресми сайттарда хабарланған салтанатты өзара іс-қимылдардың кейбірі (мысалы, Жеңіс күні, Жаңа жыл, Рамазан және т.б. сияқты мерекелердегі құттықтау, телефон қоңыраулары немесе жеделхаттар) 2015 және 2019 жылдары кейде болмаған. Басқаша айтқанда, 2022 және 2023 жылдары премьер-министрлер не өзара рәсімдік іс-қимылдарды жиі жасай бастады немесе олардың кеңселері мұндай өзара іс-қимылдар туралы үзбей есеп бере бастады. Екіншіден, 2022 және 2023 жылдардағы премьер-министрлер арасындағы өзара іс-қимылдардың көпшілігі 2022 жылы Қазақстандағы қаңтар оқиғасынан кейін қызметіне кіріскен Қазақстан Премьер-Министрі Әлихан Смайыловқа қатысты. Атап айтқанда, 2022 жылы 24 іс-қимылдың 17-сі (71%) және 2023 жылы 16 іс-қимылдың жетеуі (44%) Қазақстан Премьер-Министрінің негізінен қырғыз және өзбек әріптестерімен кездесуі негізінде өткен. Бұл өзара іс-қимылдардың кейбіреулері бұрын айтылған салтанатты кездесулерге, ал кейбіреулері Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) және Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) сияқты өңірлік ұйымдардың алаңдарындағы кездесулерге қатысты. Тағы да, біз Қазақстан Премьер-Министрінің белсенділігіне қатысты екі ықтимал түсініктеме ұсынамыз: (1) оның кеңсесі өзара іс-қимылдар туралы мейлінше белсенді түрде хабарлап отыруы мүмкін; және (2) мұндай белсенді тәсіл сондай-ақ ішкі қысымнан туындауы мүмкін, яғни қаңтар айындағы оқиғалардан кейін саяси басшылық «Жаңа Қазақстан» идеясын жариялап, бірқатар саяси және әлеуметтік-экономикалық реформалар жасаймыз деп уәде етті. Осы тұрғыда Қазақстанның кейбір саяси



қайраткерлері, соның ішінде Премьер-Министр Смайылов неғұрлым белсенді саясат.



2022 және 2023 жылдары премьер-министрлер сияқты сыртқы істер министрлерінің де өзара іс-қимылының осылай өсуіне қарамастан, біз президенттер мен басқа саяси тұлғалар арасында бұрынғыша үлкен сәйкессіздіктің бар екенін байқаймыз. Мұндай сәйкессіздікті бірнеше факторлардың түсіндіруге болатын сияқты. Біріншіден, Орталық Азияның саяси контекстінде сыртқы саясат дәстүрлі түрде президенттердің қолында, ал сыртқы істер министрлері негізінен саясатты емес, орындаушылар рөлін атқарады. Екіншіден, Орталық Азиядағы премьер-министрлердің рөлі ішкі сипатқа ие; олар, негізінен, сыртқы мәселелермен емес, ішкі мәселелермен айналысады. Үшіншіден, Орталық Азияда президенттердің ақпараттық қамтылуы әлдеқайда жоғары болуы мүмкін. Соған сәйкес, басқа өзара іс-қимылымен салыстырғанда президенттердің сыртқы байланыстары туралы неғұрлым сапалы есептің берілуі сондай-ақ біздің деректер жиынтығымызға әсерін тигізуі мүмкін. Төртіншіден, деректер жиынтығы президенттердің пайдасына қарай бұрмаланады, өйткені оған президенттер бір-біріне жіберетін көптеген ресми жеделхаттар мен телефон қоңыраулары кіреді. Ал премьер-министрлер мен сыртқы істер министрлері мұндай өзара іс-қимылды сирек қолданады. Ең соңында, Орталық Азия елдерінің сыртқы істер министрлері «С5+1» форматындағы тыс ойыншылардың өкілдерімен көпжақты негізде жиі кездеседі, бірақ деректер жиынтығы мұндай өзара іс-қимылдарды есепке алмайды. Дей тұрғанмен, біз Орталық Азиядағы президенттік кездесулердің жиілігі мен мазмұны премьер-министрлер мен сыртқы істер министрлерінің кездесулерінен бұрынғыша айтарлықтай жоғары болып қала беретінін көріп отырмыз.

### ***Өзара іс-қимыл құралдары***

Біз сондай-ақ Орталық Азия елдерінің жоғары лауазымды тұлғаларының бір-бірімен қалай қарым-қатынас жасайтынын қарастырдық. Бұл тұрғыда

да анық өзгерістерді байқауға болады. Мысалы, 2015 жылы тіркелген өзара іс-қимылдардың жартысы Өзбекстан мен Қазақстандағы президенттік сайлауға, президенттердің туған күндеріне, тәуелсіздік күндеріне және басқа да осыған ұқсас себептерге байланысты президенттер арасында жеделхаттар алмасуды қамтиды (66-ның 34-і). Бұл жеделхаттар алмасу тек ресми тәжірибе және Орталық Азия ынтымақтастығының нақты мазмұны тұрғысынан алғанда берер нәтижесі аз. 2019 жылы жеделхат алмасу үлесі 10-ға дейін төмендеді (87-ден), бірақ кейіннен сәйкесінше 2022 және 2023 жылдары 41-ге (147-ден) және 59-ға (158-ден) дейін өсті. Соңғы жылдары мұндай өсуді ішінара Орталық Азия елдерінің президенттері арасында тіркелген құттықтау жеделхаттары санының артуымен түсіндіруге болады. Қазіргі уақытта президенттер, премьер-министрлер және сыртқы істер министрлері ұлттық мерекелерге, діни мерекелерге, туған күндерге орай жеделхаттар алмасады, сондай-ақ кейбір қайғылы оқиғаларға байланысты үнемі көңіл айтады. Мысалы, Қырғызстан мен Тәжікстанның Тәуелсіздік күніне орай 2023 жылдың 31 тамызы мен 9 қыркүйегі аралығында небәрі 10 күннің ішінде 13 жеделхат жіберілді (жалпы санның 22%-ы).

2-сурет. Өзара іс-қимыл құралдары



2015 жылмен салыстырғанда біз 2019, 2022 және 2023 жылдары Орталық Азия елдерінің ресми тұлғалары арасында телефон қоңырауларының көбейгенін байқадық. Біз аймақтық ынтымақтастықты тереңдету мәселесі сөз болғанда телефон қоңыраулары мен жүзбе-жүз кездесулер маңызды деп санаймыз. Басқаша айтқанда, телефон қоңыраулары мен жүзбе-жүз кездесулердің құндылығы өзара іс-қимылдың маңыздылығын бағалаған кезде жеделхат алмасудың құндылығынан айтарлықтай жоғары. Нәтижесінде, 2019 және 2022 жылдары жеделхат алмасу жиілігінің артуын Орталық Азия ынтымақтастығының тереңдей түсуінің белгісі ретінде қарастыруға болады. Мысалы, Орталық Азия елдерінің ресми тұлғалары арасында тіркелген телефон қоңырауларының саны 2015 жылдан бері айтарлықтай өсті. Әсіресе 2022 жылы телефон қоңыраулары барлық өзара іс-қимылдардың 40%-дан астамын құрады. Бұл Қазақстандағы қаңтар оқиғасына, Қарақалпақстандағы наразылықтарға, сондай-ақ Қазақстан мен Өзбекстандағы президенттік сайлауға байланысты болуы мүмкін. Мысалы, 2022 жылдың қаңтарында қазақстандық ресми тұлғалар Орталық Азияның басқа елдеріндегі әріптестерімен он екі рет телефон арқылы сөйлесті.

Біз Орталық Азия лауазымды тұлғалары арасындағы жеке байланыстар санының айтарлықтай өскенін байқаймыз. Егер 2015 жылы тек 23 жеке өзара іс-қимыл тіркелген болса, 2023 жылға қарай бұл көрсеткіш үш есеге жуық өсті. Жоғарыда айтылғандай, біз жеке кездесулер өзара іс-қимыл мазмұны бойынша да салмақтырақ болады деп есептейміз. Нәтижесінде, 2015 жылдан бастап Орталық Азияның аймақшілік өзара іс-қимылдарының саны ғана емес, сапасы да айтарлықтай өсті деп сеніммен айтуға болады.



### ***Өзара іс-қимыл форматы***

Орталық Азия елдерінің жоғары лауазымды шенеуніктерінің өзара іс-қимылының екіжақты форматы басым болып қала береді. Мысалы, 2015 жылы тіркелген өзара іс-қимылдардың барлығы екіжақты тәртіппен жүргізілді, ал 2019 жылы тек екі іс-шара көпжақты форматта өтті. 2022 және 2023 жылдары

сәйкесінше 110-ның төртеуі және сәйкесінше 160-тың төртеуі көпжақты өзара іс-қимыл болды. Жоғарыда айтылғандай, деректер жиынтығына аймақтық/халықаралық ұйымдар мен «С5+1» форматтарының қолдауымен өтетін Орталық Азия елдері ресми тұлғаларының көпжақты кездесулері кірмейді. Басқаша айтқанда, мемлекет басшыларының консультативтік кездесулері және олардың дайындық кездесулерін қоспағанда аймақішілік ынтымақтастықта екіжақты тәсіл басым.

Бұл қазіргі кезде Орталық Азия мемлекеттері бетпе-бет кездесіп отырған сын-қатерлердің аймақтың барлық елдерінің көпжақты ынтымақтастығын талап етеді деген жоғары ресми риториканы ескерсек, бұл үрдіс таңғаларлық жағдай болып көрінеді. Алайда, біз мұндай риториканың іс жүзінде жүзеге асырылуы екіталай екенін көреміз. Бұл сондай-ақ Орталық Азия аймақтық ынтымақтастығын институциаландырудың жоқтығын айғақтайды.


3-сурет. Өзара іс-қимыл форматы



## Өзара іс-қимылға неғұрлым көбірек тартылған елдер

Күткеніміздей, Қазақстан, Өзбекстан және Қырғызстан Орталық Азиядағы өзара іс-қимылға барынша араласқан елдер болып шықты. 2022 жылы Қазақстан бойынша өзара іс-қимыл санының күрт өсуі байқалады. Оны қаңтар және ақпан айларындағы 22 өзара іс-қимылдың басым бөлігі Қазақстанға қатысты екенін ескере отырып, қаңтар оқиғаларымен түсіндіруге болады. Бұл сан 2023 жылы аймақтағы орташа көрсеткішке қайтып келді, ол кезде Қазақстанға қарағанда Түркіменстан ғана аймақтық істерге неғұрлым аз қатысқан болатын. Өзбекстан мен Қырғызстан да қарастырылып отырған барлығында осындай белсенділік танытты. Тәжікстанға келетін болсақ, ол 2015, 2019 және 2022 жылдары ең енжар аймақтық актор болды. Дегенмен, біз оның Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен өзара іс-қимыл санын аймақ бойынша орта деңгейге дейін арттыра алғанын байқаймыз. Түркіменстан үшін өзара іс-қимыл санының айтарлықтай өсуі 2019 жылдан 2022 жылға дейін байқалды, ол кезде іс-қимылдар саны екі еседен аса өсті. Жаңа президент Сердар Бердімұхамедовтың тағайындалуы ынтымақтастыққа

4-сурет. Количество взаимодействий стран




негізделген мемлекеттік саясат жүргізуге әкелді деп болжауға болады. Бұл дәлелді 2023 жылы Түркіменстанның одан әрі белсенді болуы растауы мүмкін.

Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан арасындағы өзара іс-қимылдың тұрақты түрде артуын географиялық ахуалмен түсіндіруге болады. Бұл елдер әлі де өз шекараларын делимитациялау және демаркациялау процесіне қатысады және бұл олардың арасында қосымша консультацияларды қажет етеді. Сонымен қатар, Ауғанстандағы соңғы оқиғалар бұл мемлекеттерді артып келе жатқан сын-қатерлерге бірлескен жауап қалыптастыра отырып, бірқатар кездесулер өткізуге мәжбүрледі.


### ***Неғұрлым көбірек талқыланатын тақырыптар***

Деректер жиынтығында тіркелген көптеген өзара іс-қимылдар, әсіресе жеке кездесулер мен телефон қоңыраулары көбінесе әртүрлі тақырыптарды қамтиды және бұл оларды бір тақырып аясында кодтауды қиындатады (мысалы, экономика, саясат, қауіпсіздік және т.б.). Оның үстіне, ресми сайттар өзара іс-қимыл барысында тараптардың қандай тақырыптарды талқылағаны туралы толық ақпаратты әрдайым қамти бермейді. Мұның орнына олар жай ғана тараптардың «екіжақты байланыстардың жай-күйін» немесе «екіжақты байланыстарды одан әрі тереңдетуді» талқылағанын хабарлауы мүмкін. Сондықтан бірнеше тақырыпты қамтитын немесе талқыланатын тақырыптар бойынша егжей-тегжейлі ақпараты жоқ кейбір өзара іс-қимыл «кешенді күн тәртібі» деген кіші санат ретінде кодталды.

Біздің кодтау нәтижелеріміз бүгінгі күні ең көп таралған өзара іс-қимыл түрі «салтанатты өзара іс-қимыл» екендігін көрсетеді және ол қарастырылып отырған жылдардың ішінде өзара іс-қимылдың 50%-дан астамын құрады. «Салтанатты өзара іс-қимылға» құттықтаулар мен көңіл айту мақсатындағы жеделхаттар мен телефон қоңыраулары кіреді. Біз сондай-ақ «салтанатты өзара іс-қимыл» жағдайлары 2015 жылдан бері пропорционалды және жүйелі түрде өсіп келе жатқанын байқаймыз. Олар аймақтық ынтымақтастықтың



достық сипатына үлес қоса алса да, өзара іс-қимылдың мазмұнына беретін маңызы аз.



Солай бола тұрса да, біз сонымен қатар «кешенді күн тәртібімен» өзара іс-қимыл саны 2015 жылғы 16-дан 2022 жылы 51-ге дейін артқанын, содан кейін 2023 жылы 44-ке дейін аздап төмендегенін байқаймыз. «Кешенді күн тәртібі» өзара іс-қимыл жасау кезінде екі немесе одан да көп тақырыптар талқыланатын жағдайларды да қамтыды. Көбінесе веб-сайттардағы ақпарат осы тақырыптар бойынша нақты мәліметтерді қамтымайды, тек осы салаларды аты бойынша тізімдейді. Өзара іс-қимылдың бұл түрлері барынша мағыналы және әдетте мұндай өзара іс-қимылдар барысында бірнеше мәселелер кешені талқыланады. Егер мұқият қарайтын болсақ (деректер мүмкіндік беретін жағдайдарда), сонымен қатар сауда, инвестиция, бірлескен кәсіпорындар немесе инфрақұрылымдық жобалар сияқты экономикаға қатысты тақырыптар осындай өзара іс-қимылдың тұрақты құрамдас бөлігі екендігін байқауға болады. Сонымен қатар, тек экономикаға қатысты тақырыптар талқыланатын жағдайларды қамтитын



жеке санат бар. Мұндай жағдайлардың саны көптеген жылдардан бері тұрақты екені анық.

Жалпы алғанда, Орталық Азия елдерінің жоғарғы деңгейдегі өзара іс-қимыл мазмұнында экономикалық тақырыптар басым деген қорытынды жасауға болады. Керісінше, саяси тақырыптар (Қазақстандағы қаңтар оқиғалары мен Өзбекстандағы наразылықтар болған 2022 жылды қоспағанда), сондай-ақ қауіпсіздік тақырыптарының Орталық Азия елдерінің бірінші тұлғалары арасында талқыланатын жеке тақырыпқа айналуы сирек.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Аталған жобаның мақсаты 2015, 2019, 2022 және 2023 жылдары Орталық Азиядағы жоғары деңгейдегі аймақтық өзара іс-қимылдардың қарқындылығын зерделеу және оларға сандық бағалау жүргізу болды. Жиналған мәліметтер жиынтығын талдау бізге алдын-ала қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, деректер жиынтығы Орталық Азиядағы жоғары деңгейдегі аймақшілік ресми байланыстар 2015 жылдан бастап айтарлықтай жанданғанын көрсетеді. Екіншіден, 2015 жылдан бастап ресми өзара іс-қимылдардың саны ғана өсіп қойған жоқ, сонымен қатар бұл өзара іс-қимылдардың сапасы мен мазмұны да барынша тереңдей түсті, өйткені жеке телефон қоңыраулары мен жүзбе-жүз кездесулер көбейді. Үшіншіден, аймақтық ынтымақтастықтың қозғаушы күші ретінде қызмет ететін нақты бір белсенді мемлекетті атау қиын, өйткені Өзбекстан, Қазақстан және Қырғызстан жылдар бойы аймақшілік өзара іс-қимылдарда неғұрлым белсенді мемлекеттер ретінде кезектесіп отырады. Айта кету керек, Тәжікстан осы үш елді баяу «қуып жетіп» жатқанға ұқсайды, ал Түрікменстан әлі де артта қалып келеді. Төртіншіден, аймақшілік өзара іс-қимылдың саны мен сапасының айтарлықтай артуына қарамастан, Орталық Азиядағы ресми ынтымақтастық бұрынғысынша негізінен екіжақты және президент басқаратын ынтымақтастық болып қала береді.



Деректер жиынтығы Орталық Азиядағы аймақшілік ынтымақтастықты институцияландыруға ықпал ететін қандай да бір іс-шараларды анықтаған жоқ. Президенттердің консультативтік кездесулерінің форматы Ұлттық үйлестірушілер кеңесін құру арқылы жартылай институцияландырылғанымен, жоғары деңгейдегі аймақтық міндеттемелер шеңберіндегі өзара іс-қимылдың негізгі бөлігі екіжақты негізде жүзеге асырылады. Бұл Орталық Азиядағы аймақтық ынтымақтастықтың нақты жай-күйінің тағы бір көрсеткіші бола алады.

Бұл деректер жиынтығы Орталық Азиядағы аймақтық қатынастардың өзгермелі сипатын одан әрі зерттеудің бастапқы қадамдарының бірі бола алады. Зерттеу нәтижелері болашақ зерттеулер мен талдауларға бірнеше бағыт ашады. Біріншіден, аймақтағы көпжақты өзара іс-қимыл әлі де халықаралық қатысуды болжап отырған кезде (мысалы, С5+1, ТМД, ШЫҰ сияқты құрылымдар) Орталық Азия елдері үкіметтерінің жоғары лауазымды өкілдері шеңберінде екіжақты өзара іс-қимылдың қалай және неліктен өсіп отырғанын зерделеу қажет. Бұл әсіресе Орталық Азияның ресми тұлғаларының, әдетте көшбасшылардың, жыл сайынғы консультативтік кездесулерінде өзара ынтымақтастық пен үйлестіру арқылы өңірдің өзекті мәселелерін шешу туралы айтылатын бір-біріне сәйкес келетін риторикасы аясында қажет. Екіншіден, трансшекаралық өзара іс-қимылдарды, аймақшілік рейстер мен сапарлар санын, аймақшілік сауда мен инвестициялар динамикасын, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды, өзара іс-қимылдарды және т. б. қарастыру арқылы осы ресми міндеттемелердің жергілікті жерлерде іс жүзінде қалай көрінетінін одан әрі зерделеуді талап етіледі. Үшіншіден, негізгі аймақтық ойыншылар – Ресей, Қытай және Түркия – бұл оқиғаларды қалай қарастырады және олардың іс-әрекеттері Орталық Азияның біртұтастығын тежей ме немесе ынталандыра ма, бұл жеке терең талдауды қажет етеді.